

"Ішкі аудит қызметтері жұмысының тиімділігін бағалау" ішкі мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 480 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 31 қаңтардағы № 100 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 1 ақпанда № 26704 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Ішкі аудит қызметтері жұмысының тиімділігін бағалау" ішкі мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 480 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16878 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Ішкі аудит қызметтері жұмысының тиімділігін бағалау" ішкі мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп, аудит және бағалау әдіснамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қаржы министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Республикалық бюджеттің
атқарылуын бақылау жөніндегі
есеп комитеті

Е. Жамаубаев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2022 жылғы 31 қаңтардағы
№ 100 Бұйрыққа
қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
міндетін атқарушының
2018 жылғы 20 сәуірдегі
№ 480 бұйрығымен
бекітілген

"Ішкі аудит қызметтері жұмысының тиімділігін бағалау" ішкі мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Ішкі аудит қызметтері жұмысының тиімділігін бағалау" ішкі мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты (бұдан әрі – Стандарт) "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Стандарт, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарының ішкі аудит қызметін (бұдан әрі – ІАҚ) қоспағанда, штат саны шеңберінде бірінші басшының қарауы бойынша құрылатын орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының, орталық мемлекеттік органдар ведомстволарының (құрылған кезде), Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі ведомстволық тәуелді аумақтық органдарының жұмысының тиімділігін бағалаудың мақсаттары мен тәсілдерін, ішкі мемлекеттік аудит сапасын арттыру бағдарламасын жасау тәртібін айқындайды.

3. ІАҚ жұмысының тиімділігін бағалау жүргізудің негізгі мақсаты – ІАҚ және жеке ІАҚ мемлекеттік аудиторының жұмысының тиімділік дәрежесін айқындау, сондай-ақ ІАҚ жұмысының Қазақстан Республикасының ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкестігін бағалау, ІАҚ күшті және әлсіз тараптарын айқындау, ІАҚ жұмысын жетілдіру болып табылады.

4. Осы Стандартта пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамаға сәйкес қолданылады.

5. ІАҚ жұмысының тиімділігін бағалау:

ІАҚ жүргізетін бағалау;

ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі уәкілетті орган жүргізетін бағалау (бұдан әрі – уәкілетті органның бағалауы).

6. ІАҚ жүргізетін бағалауын және уәкілетті орган жүргізетін бағалауын жүргізген кезде сандық (бағалар, балдар, пайыздар) және сапалық көрсеткіштерді ("төмен", "ортадан төмен", "орташа", "ортадан жоғары", "жоғары") қосатын көрсеткіштер жүйесі қолданылады.

2-тарау. Ішкі аудит қызметі басшысының ішкі аудит қызметі жұмысының тиімділігін бағалауды жүргізу тәртібі

7. ІАҚ жүргізетін бағалауын аудиторлық іс-шара жүргізуге аудиторлық тапсырмалар (бұдан әрі – аудиторлық тапсырма) негізінде ІАҚ жұмысын мониторингілеу және ІАҚ мемлекеттік аудиторлары жұмысының тиімділігін жартыжылдық және жылдық бағалау арқылы жыл сайын ІАҚ басшысы не оны ауыстыратын тұлға жүзеге асырады.

8. ІАҚ жұмысының мониторингі өзіне мынадай рәсімдерді қамтиды:

мемлекеттік аудит тобының (бұдан әрі – топ) жетекшісі және ІАҚ мемлекеттік аудиторы өз қызметін ІАҚ мемлекеттік аудиторының қызметі сапасын бағалау үшін ІАҚ мемлекеттік аудиторының қызметі сапасын бағалауға арналған сұрақтар тізбесі бойынша осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес сұрақтарға жауап беру жолымен бағалауды жүзеге асырады;

ІАҚ басшысы ІАҚ мемлекеттік аудиторларын оқытуға ұсыныстар қалыптастырады, ІАҚ мемлекеттік аудиторлары қызметінің мониторингін жүргізеді.

9. ІАҚ мемлекеттік аудиторлары жұмысының тиімділігін жартыжылдық және жылдық бағалауы:

1) ІАҚ мемлекеттік аудиторларының Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың жалпы стандарттарын бекіту және "Мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 7 сәуірдегі № 788 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы" 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 167 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың жалпы стандарттарын (бұдан әрі – Жалпы стандарттар) сақтауы;

2) ішкі мемлекеттік аудиттің рәсімдерінің "Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы № 392 бұйрығымен бекітілген Ішкі аудит қызметтерінің ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16689 болып тіркелген) (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкестігі;

3) аудиторлық тексерудің нәтижелері туралы мәліметтерді топ жетекшісіне және ІАҚ басшысына не оны ауыстыратын тұлғаға беру мәселелері бойынша жүзеге асырылады.

10. ІАҚ жүргізетін бағалауы мынадай өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады:

1) тәуекел деңгейі жоғары мемлекеттік аудит объектілерін жыл сайынғы аудиттермен қамту (мемлекеттік аудиттің жалпы санына қарағанда ағымдағы жылғы тәуекел деңгейі жоғары мемлекеттік аудит объектілерін қамту пайызы);

2) ұсынымдарды орындау дәрежесі (ұсынымдарды орындау пайызы);

3) ІАҚ жұмысы тиімділігінің көрсеткіші (бұдан әрі – ЖТК).

11. ІАҚ ЖТК есеп 3 кезеңде жүзеге асырылады:

1) мемлекеттік аудит жүргізу бойынша ІАҚ мемлекеттік аудиторы қызметінің тиімділігін бағалауды аудиторлық тапсырманы орындау нәтижелері бойынша топтың жетекшісі, ол болмаған кезде – ІАҚ басшысы осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізеді;

2) мемлекеттік аудит тобы басшысы қызметінің тиімділігін бағалауды аудиторлық тапсырманы орындау нәтижелері бойынша ІАҚ басшысы не оны ауыстыратын тұлға осы Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізеді;

3) ІАҚ мемлекеттік аудиторлары қызметінің тиімділігін бағалауды тиісті жылдың нәтижелері бойынша ІАҚ басшысы не оны ауыстыратын тұлға осы Стандартқа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізеді.

Мынадай формула бойынша ІАҚ ЖТК есептеу:

$$\text{ЖТК} = K * 0,3 + \text{ТС} * 0,4 + \text{ҚБ} * 0,3,$$

мұнда:

К – аудиторлық тапсырмалар (аудиторлық тексерулер) жоспарын орындау көрсеткіші.

Орындалған аудиторлық тапсырмалар санының жоспарланған аудиторлық тапсырмалар санына пайыздық ара қатынасы ретінде есептеледі;

ТС – аудиторлық тапсырмалардың сапа көрсеткіші.

Аудиторлық тексерулердің нәтижелері бойынша барлық аудиторлар/топ басшыларының балл сомаларының жалпы санының осы Стандартқа 2 және 3-қосымшаларда көрсетілген баллдардың барынша ықтимал сомасына пайыздық ара қатынасы ретінде есептеледі;

ҚБ – ІАҚ мемлекеттік аудиторларының бағалау көрсеткіші.

Балдардың орташа мәнінің балдардың осы Стандартқа 4-қосымшада көрсетілген барынша ықтимал сомасына ара қатынасы ретінде есептеледі.

12. Өлшемшарттар бойынша ІАҚ жүргізетін бағалау үшін осы Стандартқа 5-қосымшаға сәйкес ІАҚ жұмысының тиімділігін бағалаудың балдық жүйесі белгіленеді.

13. ІАҚ бағалау бес балдық жүйе бойынша жүзеге асырылады:

3 баллды қоса алғанда – тиімділігі төмен;

3,1-дан 4 баллды қоса алғанда – тиімділігі орташа;

4,1-дан 5 баллды қоса алғанда – тиімді.

Өлшемшарттардың жалпы санына өлшемшарттар бойынша ІАҚ бағалау балдарының жалпы сомасы ретінде есептеледі.

14. Бағалау нәтижелері бойынша ІАҚ басшысы не оны ауыстыратын тұлға ЖТК талдау жүргізеді және ІАҚ жұмысын жақсарту үшін іс-шаралар әзірлейді.

15. Жыл сайынғы бағалау нәтижелері ІАҚ басшысында не оны ауыстыратын тұлғада кемінде бес жыл сақталады және қажет болғанда ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі уәкілетті органына (бұдан әрі – уәкілетті орган) уәкілетті органның бағалауы жүргізілген кезде ұсынылады.

3-тарау. Уәкілетті органның ішкі аудит қызметінің жұмысына тиімділігін бағалау жүргізу тәртібі

16. Уәкілетті орган жүргізетін бағалауы ІАҚ жұмысын талдау және тиімділігін бағалау, жұмыстың Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкестігін бағалау, сондай-ақ ІАҚ жұмысының нәтижелілігі мен тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар беру процесін білдіреді.

17. Уәкілетті орган жүргізетін бағалау мынадай тәсілдермен жүзеге асырылады:

жартыжылдық және жыл қорытындылары бойынша камералдық тәртіппен (бұдан әрі – камералдық тәртіппен бағалау);

жыл қорытындысы бойынша камералдық тәртіппен бағалау нәтижелері негізінде жоспарлы тәртіппен бағалау (бұдан әрі – жоспарлы тәртіппен бағалау).

1-параграф. Камералдық тәртіппен бағалау

18. Камералдық тәртіппен бағалау ІАҚ жүргізілетін бағалау, жүргізілген мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау бойынша ІАҚ жартыжылдық және жылдық есептік ақпаратын жинақтау және талдау нәтижелерінің негізінде ағымдағы режимде жүзеге асырылады.

Есептік ақпараттың толықтығы мен дұрыстығын ІАҚ басшылары не оларды алмастыратын адамдар қамтамасыз етеді.

ІАҚ уақтылы және (немесе) дұрыс емес есептік ақпаратты уәкілетті органға ұсынған кезде қорытынды бағалаудан 2 (екі) айыппұл балын шегеру жүргізіледі.

19. Камералдық тәртіппен бағалау осы Стандартқа 6-қосымшаға сәйкес ІАҚ жұмысының тиімділігін бағалау өлшемшарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

20. ІАҚ жұмысының тиімділігін камералдық тәртіппен бағалау олардың жұмысының белгіленген оң және теріс көрсеткіштеріне сәйкес жүргізіледі.

21. ІАҚ жұмысының тиімділігіне бағалау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше тиісті бағалауды шығарады:

90 баллды қоса алғанда және одан жоғары – тиімді;
61 баллдан 89 баллды қоса алғанда – қанағаттанарлық;
60 баллды қоса алғанда төмен – тиімсіз.

22. ІАҚ бағыттары, өлшемшарттары және көрсеткіштері бойынша бағалауды айқындау мақсатында растаушы құжаттары бар ақпарат уәкілетті органға бірінші жартыжылдықтың қорытындылары бойынша 10 шілдеден кешіктірілмей, екінші жартыжылдықтың қорытындылары бойынша 10 қаңтардан кешіктірілмей жіберіледі.

Уәкілетті орган ІАҚ-ға бірінші жартыжылдықтың қорытындылары бойынша ІАҚ жұмысын бағалау нәтижелерін танысу үшін 15 шілдеден кешіктірмей, екінші жартыжылдықтың қорытындылары бойынша 15 қаңтардан кешіктірмей жібереді.

ІАҚ бағалауға өзінің қарсылықтарын, олар болған кезде, оларды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде растайтын құжаттармен бірге уәкілетті органға жібереді.

ІАҚ жұмысын бағалауға қолда бар қарсылықтар оларды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде растайтын құжаттар болған кезде қаралады.

Растайтын құжаттар болмаған және олар Стандарттың осы тармағында көзделген мерзім өткеннен кейін келіп түскен кезде ІАҚ жұмысын бағалауға қарсылық қарауға жатпайды.

ІАҚ жұмысын жылдық бағалау есепті жылдың 2 (екі) жартыжылдығындағы бағалардың орташа мәні болып табылады.

23. Уәкілетті орган бірінші жартыжылдықтың қорытындылары бойынша 20 шілдеден кешіктірмей, екінші жартыжылдықтың қорытындылары бойынша 20 қаңтардан кешіктірмей, есептік ақпаратты талдауды ескере отырып, бағалау нәтижелерін камералдық тәртіппен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне (бұдан әрі – Есеп комитеті) жібереді.

Уәкілетті орган бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және жүргізу кезінде камералдық тәртіпте бағалау нәтижелерін жоспарлы тәртіппен ескереді.

Уәкілетті органның есептік ақпаратын талдау мыналарды қамтиды:

1) осы Стандартқа 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған ІАҚ жұмысын бағалаудың бағыттары мен өлшемшарттары бойынша бағалаудың салыстырма кестесі;

2) ІАҚ жұмысының тиімділігін бағалаудың барлық бағыттары бойынша жинақталған ақпарат;

3) камералдық тәртіппен бағалау нәтижелері бойынша ІАҚ рейтингі.

2-параграф. Жоспарлы тәртіппен бағалау

24. Жоспарлы тәртіппен бағалау Нысананы тексеру тәсілімен жүзеге асырылады:

1) осы Стандарттың бағыттары мен өлшемшарттары бойынша уәкілетті органға ІАҚ ұсынатын ақпараттың дұрыстығы мен толықтығы;

2) ІАҚ Заңның 8-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес бекітілген жалпы стандарттардың, сондай-ақ мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың жалпы және рәсімдік стандарттарына сәйкес қабылданатын актілердің талаптарын сақтауы пәніне тексеру тәсілімен жүзеге асырылады.

25. Уәкілетті орган осы Стандартқа 8-қосымшаға сәйкес уәкілетті органның бағалау жүргізу кезеңдері бойынша жоспарлы тәртіппен бағалауды жүзеге асырады.

26. Уәкілетті орган жоспарлы тәртіппен бағалауды жүргізуі осы Стандартқа 9-қосымшаға сәйкес ІАҚ-ның тәуекелге бағдарланған іріктеу моделіне сүйене отырып, сондай-ақ осындай бағалауды жүргізу мерзімділігі мен оларды өткізу мерзімдерін ескере отырып, тәуекелдерді бағалау негізінде жүзеге асырылады.

27. Уәкілетті органды жоспарлы тәртіппен бағалау екі жылда бір реттен жиі емес, бірақ бес жылда кемінде бір рет жүзеге асырылады.

28. Бағалауды жүргізуге дайындық кезеңінде уәкілетті орган жоспарлы тәртіппен: нәтижелері бойынша бағалау жоспарланған тәуекелдерді талдау; алдыңғы кезеңдерде жүргізілген ІАҚ бағалауы нәтижелерін талдау; алдыңғы кезеңдерде жүргізілген уәкілетті органның бағалау нәтижелерін талдау; уәкілетті органға берілген ІАҚ тоқсандық және (немесе) жылдық есептерін талдау жүзеге асырылады.

29. Бағалауды жоспарлы тәртіппен жүргізу алдында уәкілетті орган осы Стандартқа 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органның жоспарлы тәртіппен бағалау жүргізу туралы бағдарламаны екі данада жасайды, оны уәкілетті органның басшысы бекітеді.

Бағалау жүргізу кезеңінде жоспарлы тәртіппен өзгерістер енгізу негіздерін көрсете отырып, мемлекеттік аудит тобы жетекшісінің аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты адамның атына жазылған қызметтік жазбасының негізінде жоспарлы тәртіппен бағалау жүргізу туралы бағдарламаға бір рет қана өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол беріледі.

30. Уәкілетті орган күрделілік дәрежесін және жүргізу мерзімдерін ескере отырып, бағалау жүргізуге тартылатын лауазымды адамдардың санын жоспарлы тәртіппен айқындайды.

31. Уәкілетті органның лауазымды адамдары бағалауды жоспарлы тәртіппен жүзеге асыру кезінде Жалпы стандарттарды және уәкілетті органның жоспарлы тәртіппен бағалау жүргізу кезінде алынған ақпаратқа қатысты құпиялықты, сондай-ақ осы Стандартта көзделген талаптарды сақтайды.

32. Уәкілетті орган ІАҚ құрылған мемлекеттік органды бағалау басталғанға дейін 2 (екі) күнтізбелік күннен кешіктірмей жоспарлы тәртіппен бағалау жүргізілгені туралы лауазымды адамдарды, бағалаудың басталған және аяқталған күнін көрсете отырып, жазбаша хабарлама жолдайды.

33. Жоспарлы тәртіппен бағалау басталар алдында бұлтты құжат айналымы (бұдан әрі – БҚА) арқылы уәкілетті органның жоспарлы тәртібімен бағалау жүргізу туралы бағдарлама ІАҚ құрылған мемлекеттік органның басшысына не оны алмастыратын адамға ұсынылады.

34. Жоспарлы тәртіппен бағалау осы Стандартқа 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ІАҚ жұмысының тиімділігін бағалау өлшемшарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

35. Жоспарлы тәртіппен бағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар Қағидалардың 95-тармағында көзделген өлшемшарттарға сәйкес ішкі мемлекеттік аудиттің кемінде үш материалына Қағидалардың 5-тарауының 1-параграфына сәйкес сапа бақылауын жүргізеді.

36. Жоспарлы тәртіппен бағалауы кешенді (барлық өлшемшарттар бойынша) жүргізіледі.

37. Уәкілетті органның лауазымды адамдары ІАҚ-дан жоспарлы тәртіппен бағалау жүргізу үшін қажетті барлық құжаттаманы (оның ішінде электрондық форматта) және түсіндірмелерді 5 (бес) жұмыс күні ішінде ресми сұратады.

38. Уәкілетті органның жоспарлы тәртіппен бағалауды жүргізудің ұзақтығы 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімді құрайды. Жоспарлы тәртіппен бағалауды жүргізу мерзімі уәкілетті орган басшысының шешімі бойынша 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады, ол туралы ІАҚ құрылған мемлекеттік органға жазбаша түрде хабардар етеді.

39. Жүргізілген жоспарлы тәртіппен бағалау нәтижелері бойынша осы Стандартқа 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ІАҚ жұмысының тиімділігін бағалау нәтижелері туралы есеп (бұдан әрі – есеп) жасалады.

40. Есеп жобасын жоспарлы тәртіппен бағалауды жүргізген уәкілетті органның лауазымды адамы жоспарлы тәртіппен бағалауы аяқталған күні ІАҚ құрылған мемлекеттік органның кеңсесі арқылы ІАҚ басшысына не оны ауыстыратын тұлғаға ұсынады. Есеп жобасын ІАҚ басшысы не оны ауыстыратын тұлға 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайды.

41. ІАҚ есеп жобасына қарсылықтары (ескертулері) болмаған кезде есеп жобасына ІАҚ басшысы не оны ауыстыратын тұлға қол қояды және осы Стандарттың 40-тармағында көрсетілген мерзімді ескере отырып, 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей, БҚА арқылы уәкілетті органға жіберіледі.

ІАҚ есеп жобасына қарсылықтары (ескертулері) болған кезде ІАҚ бар қарсылықтарды (ескертулерді) осы Стандарттың 40-тармағында көрсетілген мерзімді ескере отырып, 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей БҚА арқылы уәкілетті органға жібереді.

42. ІАҚ есеп жобасына қарсылықтары (ескертулері) түскен жағдайда ІАҚ басшысы не оны ауыстыратын адам қарсылықтарды (ескертулерді) уәкілетті органға жібергеннен

кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде уәкілетті органның жоспарлы тәртіппен бағалау нәтижелері бойынша туындаған келіспеушіліктерді талқылау және шешу үшін уәкілетті орган өкілдерінің қатысуымен Мемлекеттік аудит және тәуекелдер жөніндегі кеңестің (бұдан әрі – Кеңес) отырысын өткізуге бастамашылық жасайды.

Кеңес отырысының нәтижелері бойынша осы Стандартқа 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттама ресімделеді, ол жоспарлы тәртіппен бағалау материалдарына қоса тіркеледі.

Хаттама екі данада жасалады, оның біреуі ІАҚ құрылған мемлекеттік органда қалады. Екінші дана уәкілетті органға беріледі.

43. Есеп беттері толассыз нөмірленеді және мынадай тәртіпте ресімделеді:

ІАҚ есеп жобасына қарсылықтары (ескертулері) болмаған кезде – ІАҚ-тан қол қойылған есеп жобасы уәкілетті органға түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей;

ІАҚ есеп жобасына қарсылықтары (ескертулері) уәкілетті органға түскен жағдайда – хаттамасын уәкілетті органның бағалау материалдарына тіркей отырып, Кеңес отырысының күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей.

Есеп қағаз тасығышта екі данада ресімделеді, оның біреуі уәкілетті органда қалады. Есептің екінші данасы ресімделгеннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде БҚА арқылы ІАҚ құрылған мемлекеттік органға беріледі.

Есеп бағалау жүргізу функциясы жүктелген уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесінің есепке алу журналында хронологиялық тәртіппен тіркеледі.

44. Есепке осы Стандартқа 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ІАҚ жұмысының тиімділігін бағалаудың әрбір өлшемшарты бойынша негізделген және нақты жауаптар қоса беріледі.

45. Уәкілетті орган бағалау нәтижелері бойынша жоспарлы тәртіппен ІАҚ құрылған мемлекеттік органға ішкі мемлекеттік аудиттің сапасын арттыруға, анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды жоюға, одан әрі қызметінде олардың алдын алуға қатысты ұсынымдар береді.

46. Уәкілетті орган ІАҚ ұсынымдарды орындау мониторингін мынадай тәсілдермен жүзеге асырады:

ІАҚ-пен тұрақты хат алмасу нысанында ұсынымдардың орындалуына талдау жүргізу;

мерзімді еске салуларды, мемлекеттік органға сұрау салуларды жіберу;

ІАҚ жою жағдайын бақылау үшін бұзушылықтар мен кемшіліктерді жоспарлы/жоспардан тыс бағалауды тағайындау.

3-параграф. Жоспардан тыс бағалау

47. Уәкілетті органның жоспардан тыс бағалауы мынадай мән-жайлардың бірі болған кезде уәкілетті орган басшысының не оның міндетін атқарушы тұлғаның

шешімі бойынша жүргізілетін жоспарлы және камералдық тәртіпте көзделмеген бағалау болып табылады:

ІАҚ басшысының не оны ауыстыратын тұлғаның Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының БҚА арқылы уәкілетті органға жіберілген жоспардан тыс бағалау жүргізу туралы жазбаша өтініш;

ішкі мемлекеттік аудит жүргізу кезінде ІАҚ қызметкерлерінің мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнаманы бұзушылықтарының болуын бекітетін фактілер қамтылған өтініш;

ІАҚ жұмысының камералдық тәртібінің немесе оның бағалауын талдаудың нәтижелері бойынша елеулі тәуекелдерді анықтау.

4-тарау. Ішкі мемлекеттік аудит сапасын арттыру бағдарламасын жасау

48. Халықаралық аудит стандарттарының талаптарына сәйкес ІАҚ басшысы не оны ауыстыратын тұлға есептіден кейінгі қаржы жылының 1 ақпанынан кешіктірмей осы Стандартқа 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ІАҚ бағалауы мен уәкілетті органның бағалауы нәтижелері ескерілетін ішкі мемлекеттік аудиттің сапасын арттыру бағдарламасын (бұдан әрі – бағдарлама) әзірлейді және бекітеді.

49. Бағдарлама:

ІАҚ жұмысының Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес болуын қамтамасыз ету;

ІАҚ жұмысының тиімді және нәтижелі жүзеге асырылу мақсатында бекітіледі.

50. Бағдарлама ішкі мемлекеттік аудит қызметінің барлық аспектілерін қамтиды және үш негізгі деңгейде:

аудиторлық тексеру деңгейінде (ішкі мемлекеттік аудит);

ІАҚ қызметінің деңгейінде;

кәсіби даму деңгейінде қолданылады.

51. Бағдарламаның орындалуын ІАҚ басшысы не оны ауыстыратын тұлға бақылайды.

52. Бағдарлама уәкілетті орган ІАҚ жұмысының тиімділігіне бағалау жүргізген кезде ескеріледі.

"Ішкі аудит қызметтері
жұмысының тиімділігін
бағалау" ішкі мемлекеттік
аудиттің және қаржылық
бақылаудың рәсімдік
стандартына
1-қосымша

Ішкі аудит қызметінің мемлекеттік аудиторы жұмысының сапасын бағалауға арналған сұрақтар тізбесі

Аудитті жоспарлау

1. Ішкі мемлекеттік аудит тапсырмасын орындауға тартылған аудиторлық топтың барлық мүшелері "тәуелсіздік қағидатын" сақтай ма?
2. Ішкі мемлекеттік аудит бағдарламасы қажетті ресурстармен қамтамасыз етілген бе, осы ресурстар аудиторлық тапсырамада барабар бөлінген бе және оларға тиісті мониторинг жүргізіле ме?
3. Мемлекеттік аудиторлар өздері бағалайтын процестермен таныс па?
4. Алдын ала зерделеу барысында ұйым үшін аса маңызды тәуекелдер айқындалды ма және олар аудит міндеттерінде көрсетілген бе?
5. Аудит бойынша жұмыстар көлемі аудит мақсаттарына қол жеткізуге сәйкес келе ме?
6. Аудит бағдарламасы мемлекеттік аудиторларға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік бере ме?

Аудит жүргізу

1. Аудиторлық тексерудің барлық кезеңдері "Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 15 шілдедегі № 392 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23540 болып тіркелген) бекітілген Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 4-тарауы 1-параграфының талаптарына сәйкес құжатталған ба?
2. Аудиторлық тапсырманы орындау процесінде қолданыстағы ішкі мемлекеттік аудит әдіснамасы қолданылды ма, тиісті аудит әдістемелері пайдаланылды ма?
3. Аудит объектісінің рәсімдері дұрыс бағаланды ма?
4. Алынған аудиторлық дәлелдер аудиторлық есептің қалыптасуын көрсету үшін жеткілікті және сенімді ме?
5. Аудит бекітілген бағдарламаға сәйкес орындала ма?
6. Аудит бағдарламасына оны жүргізу барысында өзгерістер енгізіледі ме және олар Қағидалардың 44 және 46-тармақтарының талаптарына сәйкес бекітілді ме?

Нәтижелер туралы ақпараттандыру

1. Есеп құжат айналымы жүйесі арқылы аудит объектілеріне жіберіле ме?
2. Аудит объектілері ұсынымдармен келісті ме?
3. Анықталған бұзушылықтар себептеріне жоюға ұсынымдар жіберілді ме?
4. Аудит өз мақсатына жетті ме?
5. Аудит қорытындысы бойынша келіспеушіліктер тиісінше құжатталады ма?
6. Мемлекеттік аудиторлардың есебі дәл, объективті, қысқа, сындарлы және уақытылы ма?
7. Қағидалардың 72-тармағының талаптарына сәйкес аудиторлық есепке қол қойылды ма?

Ұсынымдардың орындалуы

1. Ұсынымдардың орындау мерзімдерінің сақталуы бақылана ма?

2. Кейіннен аудит қажеттілігі бағаланған ба?

Жалпы сұрақтар

1. Міндетті оқу бойынша талаптар сақталған ба?

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың жалпы стандарттарын бекіту және "Мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 7 сәуірдегі № 788 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы" 2016 жылғы 11 қаңтардағы №167 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың жалпы стандарттарында белгіленген мінез-құлық нормалары сақталған ба?

Ішкі аудит қызметтері
жұмысының тиімділігін
бағалау" ішкі мемлекеттік
аудиттің және қаржылық
бақылаудың рәсімдік
стандартына
2-қосымша
Нысан

Мемлекеттік аудит жүргізу бойынша ішкі аудит қызметінің мемлекеттік аудиторы қызметінің тиімділігін бағалау

Бағалау күні:		Аудиторлық іс-шараның атауы
Сәйкестендіру		
Мемлекеттік аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)		
Мемлекеттік аудит тобы жетекшісінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)		
Балдар деңгейі: өте жақсы (5), жақсы (4), қанағаттандырылдық (3), жақсарту қажет (2), қолдануға болмайды (1)		
№	Негізгі сапалар	Балл
	Аудитті ұйымдастыру	
1	Аудитті жоспарлау	
1.1	Тапсырманы толық және жан-жақты жоспарлауды қамтамасыз ету үшін қажетті құжаттар мен акпарат көздерін дұрыс айқындау қабілеті	
1.2	Тапсырманың мақсатын дұрыс айқындау қабілеті	
1.3	Бақылаудың негізгі нүктелерін дұрыс айқындау қабілеті	
1.4	Тән тәуекелдерді дұрыс айқындау қабілеті	
1.5	Тапсырманы жоспарлау бойынша ресімделген құжаттардың сапасы	
1.6	Жұмыс уақытының дұрыс бюджетін айқындау қабілеті	

2	Аудиторлық тапсырманы жүргізу	
2.1	Тапсырманың мақсаттарына қол жеткізу	
2.2	Тапсырманың белгіленген көлемін , мерзімдері мен кезеңін сақтау	
2.3	Жұмыстағы сәйкессіздіктерді жою , оның ішінде аудиторлық есепті пысықтау уақтылығы мен сапасы	
2.4	Аудиторлық дәлелдемелердің жеткіліктілігі	
2.5	Дайындалған жұмыс құжаттарының толықтығы мен сапасы	
3	Кәсіби құзыреттілік	
3.1	Нормативтік құқықтық актілерді иелену	
3.2	Проблемалық мәселелер бойынша жағдайды иелену	
3.3	Проблемалы мәселелерді талқылау кезінде, сондай-ақ қорытынды жұмыстық аудиторлық құжаттарды келісу кезінде мемлекеттік аудитордың әдептілігі	
3.4	Мемлекеттік аудитордың тұжырымдарының негізділігі	
3.5	Күрделі проблемаларды елеусіз проблемалардан ажырата білу	
3.6	Проблемалық мәселелерді шешу үшін ұсыныстардың орындылығы	
3.7	Мемлекеттік аудитордың өз іс-әрекеттерін мемлекеттік аудит тобының жетекшісімен келісу	
3.8	Мемлекеттік аудитордың тапсырма нәтижелері бойынша ұсынымдарының дұрыстығы және орындылығы	
3.9	Мемлекеттік аудитордың қандай да бір мәселелер бойынша күмән туындаған кезде әріптестерімен, мемлекеттік аудит тобының жетекшісімен және құзыретті тұлғалармен кеңесе білуі	
4	Кәсіби мінез-құлқы	
4.1	Жұмыс уақытын пайдалануы	
4.2	Өзін-өзі ұйымдастыру	
4.3	Аудит материалдарының жұмыс қағаздарына жазылуы	

4.4	Ауызша келіссөздер жүргізу	
4.5	Бастамашылық	
4.6	Қойылған міндеттерді орындау кезінде шығармашылық тәсіл	
4.7	Жаңа, ерекше жағдайларға тез бейімделу қабілеті	
4.8	Ұқыптылық	
4.9	Аудит объектісінің қызметін білу	
	Қорытынды баға балдарда = өлшемшарттар бойынша балдар сомасы (maximum 145) /бағалау өлшемшарттарының саны (29)	
Мемлекеттік аудит тобы басшысының бағасы (Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі болмаған жағдайда , бағалауды ішкі аудит қызметінің басшысы жүргізеді)		
Негізгі күшті жақтары:		
Негізгі осал жақтары:		
Жұмысты жақсарту және одан әрі дамыту бойынша ұсынымдар:		
Қажетті тренингтер/оқу:		
Мемлекеттік аудитордың түсіндірмелері:		
Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі 20__жылғы " __ " _____ _____ Қолы		Таныстым: Мемлекеттік аудитор: 20__жылғы " __ " _____ _____ Қолы
ІАҚ басшысы (мемлекеттік аудит тобының жетекшісі болмаған жағдайда)		
20__жылғы " __ " _____ Қолы		

"Ішкі аудит қызметтері
жұмысының тиімділігін
бағалау" ішкі мемлекеттік
аудиттің және қаржылық
бақылаудың рәсімдік
стандартына
3-қосымша

Нысан

Мемлекеттік аудит тобы басшысы қызметінің тиімділігін бағалау

Бағалау жүргізу күні:	Аудиторлық іс-шараның атауы	
Сәйкестендіру		
Мемлекеттік аудит тобы басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):		
Ішкі аудит қызметі басшысының не оны ауыстыратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):		
Балдар деңгейі: өте жақсы (5), жақсы (4), қанағаттандырылдық (3), жақсарту қажет (2), қолдануға болмайды (1)		
№	Аудитті ұйымдастыру	Балл
1	Аудиторлық тапсырманы жоспарлау	
	Тапсырманы толық және жан-жақты жоспарлауы	

1.1	қамтамасыз ету үшін қажетті құжаттар мен ақпарат көздерін дұрыс айқындау	
1.2	Тапсырманың мақсатын дұрыс айқындау	
1.3	Тапсырманың әдістері мен көлемін дұрыс айқындау	
1.4	Қызметті және бақылаудың негізгі нүктелерін дұрыс талдау	
1.5	Тән тәуекелдерді дұрыс талдау және бағалау	
1.6	Жұмыс уақытының бюджетін дұрыс айқындау	
2	Аудиторлық тапсырманы жүргізу	
2.1	Тапсырманы және тапсырманың мақсаттарын ережеге (аудиторлық тапсырманы орындауға қойылатына талаптарды айқындайтын басқа да құжатқа) сәйкес орындау	
2.2	Тапсырманың белгіленген көлемін , мерзімдері мен кезеңін сақтау	
2.3	Жұмыстағы сәйкессіздіктерді жою , оның ішінде аудиторлық есепті пысықтау уақтылығы мен сапасы	
2.4	Аудиторлық дәлелдемелердің жеткіліктілігі	
2.5	Дайындалған жұмыс құжаттарының толықтығы мен сапасы	
3	Жұмыс құжаттарын ресімдеу және тапсырманың материалдарын іске асыру	
3.1	Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі тұжырымдарының негізділігі	
3.2	Күрделі проблемаларды елеусіз проблемалардан ажырата білу	
3.3	Проблемалық мәселелер бойынша жағдайды иелену	
3.4	Тапсырма нәтижелері бойынша уақтылы қысқаша тұжырым (Түйіндеме) дайындау	
3.5	Тапсырманы іске асыру бойынша құжаттарды уақтылы ресімдеу	
3.6	Аудиторлық есепте, түйіндемеде көрсетілген проблемалық мәселелерді шешу бойынша ұсыныстардың орындылығы	

3.7	Тапсырма нәтижелері бойынша ұсынымдардың дұрыстығы және орындылығы	
3.8	Қорытынды баға балдарда = өлшемшарттар бойынша балдар сомасы (maximum 90) /бағалау өлшемшарттарының саны (18)	
Ішкі аудит қызметі басшысының бағасы		
Негізгі күшті жақтары:		
Негізгі осал жақтары:		
Жұмысты жақсарту және одан әрі дамыту бойынша ұсынымдар:		
Қажетті тренингтер/оқу:		
Аудиторлық тапсырма басшысының түсіндірмелері:		
Ішкі аудит қызметінің басшысы не оны ауыстыратын тұлға: 20__ жылғы "___" _____		Таныстым: Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі 20__ жылғы "___" _____
Қолы		Қолы

"Ішкі аудит қызметтері жұмысының тиімділігін бағалау" ішкі мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартына
4-қосымша
Нысан

20__жылға ішкі аудит қызметінің мемлекеттік аудиторлары қызметінің сапасын бағалау

№	Қызметінің тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің тізбесі (КТНК)	КТНК бағасының ең үлкен мөлшері	Мемлекеттік аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Мемлекеттік аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Мемлекеттік аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Мемлекеттік аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
1	Мемлекеттік аудиторлардың этикалық стандарттарды сақтауы	25				
1.1.	Айқындылық					
1.2	Тәуелсіздік					
1.3	Құпиялылығы					
1.4	Кәсіби құзыреттілік					
1.5	Объективтілік					
	Орындалған жұмыстардың сапасы,					

2	уақтылығы м е н нәтижелілігі, оның ішінде:					
2.1	Мемлекеттік аудитордың аудиторлық тапсырманы жоспарлау рәсімдерін сақтауы	20				
2.1.1	Мемлекеттік аудит тобы басшысының аудиторлық тапсырма мақсаттарын дұрыс айқындауы					
2.1.2	Мемлекеттік аудитордың аудиторлық тапсырманың мақсаттарына қол жеткізуі					
2.1.3	Мемлекеттік аудитордың аудиторлық тапсырманы алдын ала жоспарлау рәсімдерін сақтауы					
2.1.4	Мемлекеттік аудит тобы басшысының аудиторлық тапсырманы орындау үшін ресурстардың жеткіліктілігі н айқындауы					
2.2	Аудиторлық тапсырманы орындау	15				
	Мемлекеттік аудит тобы басшысының ж ә н е мемлекеттік аудитордың аудиторлық					

2.2.1	тапсырманы орындау бойынша (әдіснама бойынша) талаптарды сақтауы					
2.2.2	Аудиторлық қорытындылардың мазмұнына әсер ететін ішкі мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелерін мемлекеттік аудит тобының жетекшісі мен ішкі аудит қызметі басшысының назарына уақтылы жеткізу					
2.2.3	Мемлекеттік аудитордың аудиторлық тапсырманы орындау мерзімдерін сақтауы					
2.3	Аудиторлық есеп	15				
2.3.1	Егер аудиторлық есепте елеулі ескертулер болған жағдайда мемлекеттік аудитордың ықтимал қақтығысты жағдайларға дайындық дәрежесі					
	Мемлекеттік аудитордың өз көзқарасын қорғай білуі,					

2.3.2	табандылық және өз күшіне сенімділігі, фактілерді дереу растауға және аудит нәтижелерін тәптіштеуге дайындығы					
2.3.3	Аудиторлық есеп нысанына белгіленген талаптарды сақтау (әдіснама бойынша)					
2.4	Аудиторлық табулар мен ұсынымдар	15				
2.4.1	Ұсынымдар беру үшін анықталған табуларды (фактілерді) растау үшін ақпараттың жеткіліктілігі, негізділігі					
2.4.2	Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін арттыру жолдары мен әдістерін жетілдіруге бағытталған ұсынымдардың болуы, маңыздылығы (құндылығы)					
2.4.3	Ұсынымдардың жағдайды түзету шараларына қатысты шындығында пайдалы болуы үшін анықталған табулардың (					

	фактілердің) себептерін айқындау деңгейі					
2.5	Ұсынымдард ы ң орындалуын мониторинг	5				
2.5.1	Ұсынымдард ы ң орындалуына жүйелі мониторинг					
2.6	Жұмыс құжаттамасы	5				
2.6.1	Белгіленген талаптарға сәйкес жұмыс құжаттамасын жүйелеу, сақтау және пайдалану					
	ҚТНҚ орындау дәрежесі (100 балдар сомасы)					
	Таныстым (қолы, күні)					

ҚОРЫТЫНДЫ:

Ішкі аудит қызметінің басшысы _____
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

20__жылғы "___" _____
(қол қойылған күні) (қолы)

"Ішкі аудит қызметтері
жұмысының тиімділігін
бағалау" ішкі мемлекеттік
аудиттің және қаржылық
бақылаудың рәсімдік
стандартына
5-қосымша

Ішкі аудит қызметі жүргізетін ішкі аудит қызметінің тиімділігін бағалаудың баллдық жүйесі

--	--	--

№	Өлшемшарттар атауы	Баға				
		5 балл	4 балл	3 балл	2 балл	1 балл
1	Тәуекел деңгейі жоғары мемлекеттік аудит объектілерін жыл сайынғы аудиттермен қамту (ағымдағы жылғы мемлекеттік аудиттің жалпы санына тәуекел деңгейі жоғары мемлекеттік аудит объектілерін қамту проценті)	ағымдағы жылы тексерулердің жалпы санына 91% қоса алғанда және одан жоғары	71– 90% қоса алғанда	51 – 70% қоса алғанда	31- 50% қоса алғанда	0-30% қоса алғанда
2	Ұсынымдардың орындау дәрежесі (ұсынымдардың орындалу проценті)	ұсынымдардың жалпы санына 85% қоса алғанда және одан жоғары	67– 84% қоса алғанда	49 – 66% қоса алғанда	29–48% қоса алғанда	0-28% қоса алғанда
3	Ішкі аудит қызметі жұмысының тиімділік көрсеткіші*	85% қоса алғанда және одан жоғары	71– 84% қоса алғанда	51- 70% қоса алғанда	31–50% қоса алғанда	0-30% қоса алғанда

Ескертпе

*3-жол "Ішкі аудит қызметтері жұмысының тиімділігін бағалау" ішкі мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартының 11-тармағы 4) тармақшасында көрсетілген формула бойынша есептеледі.

"Ішкі аудит қызметтері жұмысының тиімділігін бағалау" ішкі мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартына
6-қосымша

Ішкі аудит қызметі жұмысының тиімділігін бағалау өлшемшарттары

№	Бағалау өлшемшарттары	Көрсеткіштер	Балл

1	Тиісті жылға арналған Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін орындау	Ағымдағы жартыжылдықта және жылда Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесінде көзделген мемлекеттік аудит объектілерін қамту пайызы: Тиісті жылға арналған Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін орындамау фактілерінің болмауы; тиісті жылға арналған Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін орындамау 1-ден 3-ке дейін; 3-тен 5-ке дейін; 5 және одан көп	15 -5 -7 -10
2	Тиісті жылға арналған Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне өзгерістер енгізу*	Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне енгізілген өзгерістердің саны (мемлекеттік аудит объектілерінің санын азайту): 2-ден 5-ке дейін; 5-тен 7-ге дейін; 7 және одан көп	-2 -5 -7
3	Мемлекеттік аудит қорытындылары бойынша қабылданған ұсынымдар, тапсырмалар санынан орындалған ұсынымдар, шешімдер үлесі (орындау мерзімдері басталған)	Мемлекеттік аудит қорытындылары бойынша қабылданған ұсынымдардың орындалған тармақтарының үлесі: 70% - дан 80%-ға дейін; 80% - дан 90% - ға дейін; 90% және одан жоғары; 70%-дан кем Мемлекеттік аудит қорытындылары бойынша қабылданған шешімдердің орындалған тармақтарының үлесі: 70% - дан 80%-ға дейін; 80% - дан 90% - ға дейін; 90% және одан жоғары; 70%-дан кем	5 10 15 -5 5 10 15 -5
		Есепті кезеңде бюджетке өтелуге жататын бұзушылықтардың жалпы сомасында	

4	Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау қорытындылары бойынша қозғалған қылмыстық істің және сот тәртібімен дауланатын қаражаттың шеңберіндегі қаражатты қоспағанда, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау қорытындылары бойынша (орындау мерзімдері келген) қаражатты өтеу (қалпына келтіру).	бюджетке өтелген бұзушылықтар	1
		сомаларының үлес салмағы:	2
4		0% - дан 10%-ға дейін;	3
		10%-дан 20 %-ға дейін;	4
		20%-дан 30%-ға дейін;	5
		30%-дан 40%-ға дейін;	6
		40%-дан 50%-ға дейін;	7
		50%-дан 60%-ға дейін;	8
		60%-дан 70%-ға дейін;	9
		70%-дан 80%-ға дейін;	15
		80%-дан 90%-ға дейін;	
		90%-дан 100%-ға дейін	
		Есепті кезеңде қалпына келтіруге және есепке алу бойынша көрсетуге ж а т а т ы н бұзушылықтардың жалпы сомасында қалпына келтірілген және есепке алу бойынша көрсетілген бұзушылықтар сомасының үлес салмағы:	1
		0%-дан 10%-ға дейін;	2
		10%-дан 20%-ға дейін;	3
		20%-дан 30%-ға дейін;	4
		30%-дан 40%-ға дейін;	5
4		40%-дан 50%-ға дейін;	6
		50%-дан 60%-ға дейін;	7
		60%-дан 70%-ға дейін;	8
		70%-дан 80%-ға дейін;	9
		80%-дан 90%-ға дейін;	15
		90%-дан 100%-ға дейін	
5	"Ішкі процестерді (бизнес-процестерді) жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу және қабылдау**	Ішкі процестерді (бизнес-процестерді) жетілдіру жөнінде енгізілген және қабылданған ұсыныстар саны	Әрбір қабылданған ұсыныс үшін плюс 1 (ең жоғары - 15)
6	"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабы 8-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік аудитор сертификатын кері қайтарып алу	Мемлекеттік аудитор сертификаты кері қайтарып алынған ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің саны	Әрбір жағдай үшін -10

7	Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарына сәйкес келмейтін құжаттардың болуы	Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган жүргізген сапаны бақылау нәтижелері бойынша Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарына сәйкес келмейтін аудит материалдарының саны: 1 материал; 2-ден 3 материалға дейін; 4 материалдардан және одан да көп	- 5 - 7 - 10
8	Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің құқыққа қарсы әрекеттеріне жүгіну жағдайларын растау	Ішкі аудит жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің құқыққа қарсы әрекеттеріне жасалған өтініштердің расталған жағдайларының саны	Әрбір жағдай үшін - 5
9	Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының Үйлестіру кеңесі шешімдерінің толықтығы, сапасы және уақтылы орындалуы	Үйлестіру кеңесінің шешімдерін орындамау, уақтылы және/немесе сапалы орындамау фактілерінің болмауы	10
		Үйлестіру кеңесінің шешімдерін орындамау фактілерінің болуы: 1-2 факт; 3-5 факт; 5-тен астам факт	-5 -8 -10
		Үйлестіру кеңесінің шешімдерін уақтылы және / немесе сапалы орындамау фактілерінің болуы: 1-2 факт; 3-5 факт; 5-тен астам факт	-5 -8 -10
10	Тиімділік аудитін жүргізу	Жүргізілген аудиттердің жалпы санына тиімділік аудиттерінің үлес салмағы: 30% - дан 40% - ға дейін; 40% - дан 60% - ға дейін; 60% - дан 80% - ға дейін; 80% - дан 90% - ға дейін; 90% және одан жоғары; 30%-дан кем	5 7 10 15 20 -5

11	Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган жүргізетін ІАҚ құрамына кіретін мемлекеттік органның қаржылық есептілік аудитіне ІАҚ қатысуы (Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы болған кезде)	Қатысу	5
		Қатыспау (Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы болған кезде)	0

Ескертпе:

* Карантиндік және басқа да шектеу шаралары енгізілген жағдайда бұл өлшем бағалауға жатпайды.

** Ішкі процестер (бизнес-процестер) – белгілі бір міндеттер мен мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған өзара байланысты іс-шаралар немесе жұмыстар жиынтығы.

Ішкі процестерді (бизнес-процестерді) жетілдіру жөніндегі ІАҚ ұсыныстары:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді;

2) тиісті уәкілетті орган қабылдаған қызметті жақсартуды қамтиды.

Бұл ретте, мемлекеттік аудит объектілеріне жіберілген ұсынымдар осы өлшемшарт бойынша есепке алынуға жатпайды.

"Ішкі аудит қызметтері
жұмысының тиімділігін
бағалау" ішкі мемлекеттік
аудиттің және қаржылық
бақылаудың рәсімдік
стандартына
7-қосымша
Нысан

Ішкі аудит қызметтерінің жұмысын бағалаудың бағыттары мен өлшемшарттары бойынша бағалаудың салыстырма кестесі

№	Бағалау бағыттары мен өлшемшарттары	Ішкі аудит қызметі бөлінісінде бағалау нәтижелері						
ЖИЫНЫ								

"Ішкі аудит қызметтері
жұмысының тиімділігін
бағалау" ішкі мемлекеттік
аудиттің және қаржылық
бақылаудың рәсімдік
стандартына
8-қосымша

Уәкілетті органның бағалауын жүргізу кезеңдері

1. Уәкілетті органның бағалауын ұйымдастыру.
 - 1.1. Уәкілетті органның бағалау жүргізуін дайындау.
 - 1.1.1. Уәкілетті органның бағалауды жүргізуіне жоспарланған тәуекелдерді талдау.
 - 1.1.2. Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі - ІАҚ) жұмысының тиімділігін бағалауды талдау;
 - 1.1.3. Алдыңғы кезеңдерде жүргізілген сыртқы бағалау нәтижелерін талдау;
 - 1.1.4. Нормативтік құқықтық базаны талдау.
 - 1.1.5 Уәкілетті органның бағалауын жүргізу туралы хабарламаны ол басталғанға дейін он күнтізбелік күн ішінде;
 - 1.1.6. Уәкілетті органның бағалау жүргізуі туралы бағдарламаны әзірлеу, жұмыс тобы құрамын анықтау, уәкілетті органның бағалау жүргізуі бағыттарын дайындау.
 - 1.2. Уәкілетті органның бағалауын жүргізу.
 - 1.2.1. Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) құрылған мемлекеттік органға уәкілетті органның бағалау жүргізуі туралы бағдарламаны ұсыну;
 - 1.2.2. Бағдарлама мәселелеріне сәйкес уәкілетті органның бағалау жүргізуі;
 - 1.2.3. Бұзушылықтар туарлы куаландыратын құжаттар мен түсіндірмелер көшірмелерінің есеп материалдарына қосу (аудиторлық дәлелдемелер);
 - 1.2.4. Қажет болғанда уәкілетті органның бағалау жүргізу мерзімін он жұмыскүнінен аспайтын мерзімге ұзарту.
 2. Уәкілетті органның бағалау нәтижелерін ресімдеу.
 - 2.1. Есеп жобасын және хаттаманы жасау (2 данада).
 - 2.2. Уәкілетті органның бағалау нәтижелері туралы есепті талқылау (уәкілетті органның лауазымды тұлғалары, ІАҚ басшысы).
 - 2.3. Хаттамаға қол қою.
 - 2.4. Уәкілетті органның бағалау бойынша есепті (қосымшаларымен есепті, түсініктемелерді және өзгені) хаттамаға қол қойғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде ұсынуы;
 - 2.5. Уәкілетті органның бағалауын жүргізу функциясы жүктелген уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесінің есепке алу журналында тіркеуі.
 3. Уәкілетті органның бағалауды жүргізу нәтижелерін іске асыру және анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды жоюға, ұсынымдардың орындалу жай-күйінің мониторингі:
 - 3.1. ІАҚ құрылған мемлекеттік органға ішкі мемлекеттік аудиттің сапасын арттыруға, анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды жоюға, болашақ қызметінде олардың алдын алуға қатысты ұсыныстарды дайындау және беру. Уәкілетті органға бұзушылықтар мен ақауларды бұзу жағдайы туралы ақпаратты ұсыну мерзімін белгілеу ;

3.2. Ұсынымдардың орындалу жай-күйінің мониторингі (олардың толық орындалуына дейін) және ұсынылған іс-шаралардың іске асырылу нәтижелерін бақылауды жүргізу.

Бұл процесс мынадай тәсілдермен жүзеге асырылады: АҚ мамандарымен тұрақты қарым-қатынас, іскерлік хат алмасу және уәкілетті органның ІАҚ-пен өзара іс-қимылының басқа да нысандары нысанында ұсынымдардың орындалуына талдау жүргізу;

ІАҚ құрылған мемлекеттік органға мерзімді ескертулер, сұрау салулар жіберу;

ІАҚ құрылған мемлекеттік органның бұзушылықтар мен кемшіліктерді жоюының жай-күйін бақылау үшін уәкілетті органның жоспарлы/жоспардан тыс бағалауларды тағайындауы.

"Ішкі аудит қызметтері
жұмысының тиімділігін
бағалау" ішкі мемлекеттік
аудиттің және қаржылық
бақылаудың рәсімдік
стандартына
9-қосымша

Ішкі аудит қызметтерін тәуекелге бағдарланған іріктеу моделі

Жүйе, ішкі мемлекеттік аудит уәкілетті органының бағалауларды жоспарлау кезінде Ішкі аудит қызметтерін (бұдан әрі - ІАҚ) іріктеуге бірыңғай тәсілдерді қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

ІАҚ бағалаудың бағдарланған іріктеуіне тәуекел рәсімі уәкілетті органның жұмыс жоспарларын (бұдан әрі - жоспарлар) ішкі мемлекеттік аудит уәкілетті органының бағалауларды жүргізу бөлігінде қалыптастыру кезінде өздерінің қызметінде ең жоғары тәуекелдер қызметін іріктеу мақсатында тәуекелдерге талдау және оларды бағалау негізінде жүзеге асырылады.

Тәуекелдерді бағалау екі негізгі көрсеткіштер бойынша: тәуекелдерді өлшемдерінің нақты көрсеткіштері (өлшемшарттар) бойынша әрбір ІАҚ бойынша анықталатын тәуекел дәрежесімен және тұрақты шама (кесте) болатын және тәуекелдердің басымдылықтың шкаласын орнататын тәуекелдің мәнділік деңгейімен жүзеге асырылады.

Осы модель шегінде тәуекел дәрежесі үш деңгейлі шәкілмен бағаланады: төмен деңгей, орташа және жоғары. Бұл ретте, мәнділік тұрақты, белгілі шама болып табылатындықтан әр бағалау объектісі нақты әрқайсысының тәуекел дәрежесімен бағаланады.

Жалпы баллдар сомасы мынадай формула бойынша анықталады:

$R_{\text{сом}} = (R_1 + R_2 + R_3 + R_4) \times 3 + (R_5 + \dots + R_9) \times 2 + (R_{10} + \dots + R_{13}) \times 1$, мұнда

$R_{\text{сом}}$ – әрбір бағыныстағы субъектінің жалпы бағасы;

R1-13 – 1-ден 3-гі шәкіл бойынша әрбір нақты тәуекелді осы тәуекелдің Кестесіне сәйкес мәндік дәрежесінің тиісті баллына көбейтілген бағасы.

Олардың мәндік деңгейіне тәуекелдер бөлінеді:

жоғары (3 балл) – жалпы бағаланатын объектінің қызметін сипаттайтын және оның қорытындыларына ІАҚ әсері бар жүйелі ұйымдастырушылық және қаржылық тәуекелдер;

орташа (2 балл) - ұйымдастыру тәуекелдері;

төмен (1 балл) - функционалдық тәуекелдері (аудит процесінің тәуекелдері).

Жүйелік тәуекелдер тобы бағыныстағы субъектісі туралы сыртқы ақпаратына, атап айтқанда нормативтік - құқықтық ортаның институционалдық және функционалдық, қаржы - экономикалық көрсеткіштері, сыртқы бақылау қорытындылары (өзге бақылау органдардың бақылау іс-шаралары), сондай-ақ, өтініштерді, шағымдарды, бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпаратты және басқа талдау қорытындылары бойынша анықталады. Олар ІАҚ жұмысының тиімділігін олардың бағаланатын объекті жұмысының жалпы мемлекеттік қорытындыларына әсерін сипаттайды және ең жоғары басымдылығы бар.

Ұйымдастыру тәуекелдері тобы бағалайтын объектінің ІАҚ жұмыс істеу ұйымдастыру-құқықтық негіздеріне және оның кадрлық қамтамасыз етілуіне талдау және мониторинг жүргізу арқылы анықталады. Олар мемлекеттік орган басшылығының тиісті орган жүйесіндегі ішкі бақылау және ішкі аудитті ұйымдастыру проблемасына қатынасын, саладағы қаржылық-бюджеттік тәртіптің жеке жағдайына жауапкершілігін түсінуін сипаттайды.

Функционалдық тәуекелдер тобы ІАҚ жұмысы қорытындылары туралы мерзімді есептіліктерін талдау және жалпылау, олардың қызметін, іскери хат алмасу және жеке сұхбаттасу жоспарларын келісу, ІАҚ басшылары мен қызметкерлеріне сауалнама жүргізу, іскерлік хат және жеке қарым-қатынас негізінде ІАҚ қызметіне тұрақты камералдық бақылау жүргізу арқылы анықталады. Олар, ІАҚ қызметінің барлық негізгі аспектілерін, ІАҚ басшылығының және қызметкерлерінің осы мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілері талаптарының сақталуын сипаттайды.

Жоспарлау кезінде бағаланатын объектілер қызметінің алдыңғы үш-бес жылғы нәтижелері бойынша (есептіліктің жалпы көрсеткіштері бойынша және/немесе тәуекелге байланысты есепті кезеңнің тиісті күніндегі (күндеріндегі) жағдай бойынша) көрсеткіштер ескеріледі.

Кестеде көрсетілген барлық тәуекелдер тізбесі неғұрлым таратылған тәуекелдерді санамалайды. Тәуекелдер тізбесі тұрақты (жылына кемінде бір рет) қарауға және жаңартуға жатады.

Объектілерді іріктеу процесінде Кестеде келтірілген тәуекелдердің барлығы бойынша бағалау жолымен олардың әрқайсысы бойынша баллдардың жалпы сомасы айқындалады.

Ең жоғары балл санын жинақтаған бағалау объектілері объектілерді жоспарға іріктеу процесін жүзеге асыру кезінде неғұрлым басым болып табылады. Бұл ретте, баллдар сомасы бірдей болған кезде жоспарға қосу үшін ең алдымен жоғары деңгейдегі тәуекелдер саны неғұрлым жоғары болып табылатын объектіге басымдық беріледі.

Бағалау рәсімінен кейін жоспарға іріктелген бағалау объектілерінің тізбесін сапаға уәкілетті органның бағалау жүргізуінің белгіленген кезең-кезеңдігін қамтамасыз ету қажеттігін ескере отырып, түзетіледі.

Кесте

I мәнділік деңгейі (3 балл) Жүйелік және қаржылық тәуекелдер

1-тәуекел (R1)

Тәуекел	Тәуекелдер өлшемшарттары	Тәуекел дәрежесі	Баға
Ұйымдық құрылымы, бақыланатын субъектінің саны, ресурстар көлемі, оның ішінде бюджеттік жұмсалымдар және ашық бөлінген қаражат, функционалдық қызмет бағыттарының, бюджеттік бағдарламалардың саны, Көрсеткіш бағалау уақытында анықталады және соңғы 3 жылғы ақпаратты ескереді	Бағылаудағы саласы үлкен күрделі құрылымды, бақылау аясы үлкен, ресурстар көлемі, бюджеттік жұмсалымдар және ашық бөлінген қаражат, бюджеттік бағдарламалар қызметінің функционалдық бағыттарының саны және басқа мемлекеттік сектор органдары	жоғары	3
	Ресурстар көлемінің деңгейі орташа бақыланатын бюджеттік жұмсалымдар және ашық бөлінген қаражат, бюджеттік бағдарламалар қызметінің функционалдық бағыттарының саны және басқа мемлекеттік сектор органдары	орташа	2
	Ресурстар көлемінің деңгейі саламен бақыланатын және саны аз, бюджеттік жұмсалымдар және ашық бөлінген қаражат бюджеттік бағдарламалар қызметінің функционалдық бағыттарының саны және басқа мемлекеттік сектор органдары	төмен	1

2 -тәуекел (R2)

Тәуекел	Тәуекелдер өлшемшарттары	Тәуекел дәрежесі	Баға
Көлемі, құрылымы, мәні және мемлекеттік органдардағы, оның аумақтық бөлімшелеріндегі, ведомстволық бағыныстағы ұйымдарда, оның ішінде оның ІАҚ қызметі нәтижелерімен арақатынасында мемлекеттік аудит органдары анықтаған бұзушылықтар серпіні Көрсеткішті есептеу кезінде индексі соңғы 3-5 жыл ішіндегі ақпарат ескеріледі	Мемлекеттік органда, оның аумақтық бөлімшелерінде, ведомстволық бағыныстағы ұйымдарында мемлекеттік аудит органдарының: ресурстар көлемдерімен арақатынасындағы бұзушылықтардың айтарлықтай сомасын, оның ішінде бюджеттік жұмсалымдар мен ашық бөлінген қаражатты; теріс пайдаланудың ауқымды сұлбаларын, бюджет қаражатының тиімсіз, негізсіз пайдаланылуының, бұзушылықтар көлемінің өсу серпінінің тұрақтылығының себебі болған жалпы құрылымда бұзушылықтардың айтарлықтай санының анықталған бұзушылық құрылымында болуы;	жоғары	3
	Бұзушылықтардың орташа деңгейі, бұл үшін "жоғары" тәуекел өлшемшарттарының айқындалған белгілі бір факторларының болуы	орташа	2
	Елеусіз бұзушылықтар, осы тәуекел өлшемшарттарында "жоғары" және "төмен" анықталған факторлардың болуы	төмен	1

3- тәуекел (R3)

Тәуекел	Тәуекелдер өлшемшарттары	Тәуекел дәрежесі	Баға
Құқық қорғау және бақылаушы органдардың өтініштерінің, шағымдарының, ақпаратының, Үкіметтің сын ескертулерінің,	Мұндай фактілердің 2-ден көп болуы	жоғары	3
	1-2 фактілердің болуы	орташа	2

БАҚ-та көрсетілген жағымсыз фактілердің және басқа болуы Индикаторы анықтау кезінде соңғы 3-5 жыл ішіндегі ақпарат ескеріледі	Мұндай фактілердің болмауы	төмен	1
--	----------------------------	-------	---

4-тәуекел (R4)

Тәуекел	Тәуекелдер өлшемшарттары	Тәуекел дәрежесі	Баға
Сапаны сырттай бақылау нәтижелері Көрсеткіш бағалау сәтінде айқындалады және соңғы 3 жылдағы ақпарат ескеріледі	Көптеген құрауыштар бойынша теріс бағалау; сапаны іштей бақылаудың дұрыс емес фактілері анықталған	жоғары	3
	Жекелеген құрауыштар бойынша теріс бағалау	орташа	2
	Сапаны жоғары және сенімді бағалау	төмен	1

II мәнділік деңгейі (2 балл)

Ұйымдастырушылық тәуекелдер

5-тәуекел (R5)

Тәуекел	Тәуекелдер өлшемшарттары	Тәуекел дәрежесі	Баға
Мемлекеттік органның, оның бақылаудағы желісінің ІАҚ мәртебесі, құрылымы мен саны; ІАҚ санының негізсіз қысқаруы Көрсеткіш бағалау сәтіндегі соңғы есеп бойынша айқындалады және өзгерістердің камералдық бақылау деректері ескеріледі	ІАҚ оның саны мен мәртебесіне сүйене отырып, саладағы қаржы-бюджеттік тәртіптің жәй-күйіне мүлдем ықпал етпейді; ІАҚ санын негізсіз қысқарту фактілерінің болуы	жоғары	3
	Қызметтің саны мұндай арақатынасты қамтамасыз етпейді немесе оның мәртебесі немесе құрылымы органның ауқымына сәйкес келмейді	орташа	2
	Тиісінше мәртебе мен қызмет құрылымы кезінде (10 аудитор – 10 бақылаудағы ұйымдардың/бюджеттік бағдарламалардың, орган функциясының) арақатынасы шегіндегі қызмет саны	төмен	1

6-тәуекел (R6)

Тәуекел	Тәуекелдер өлшемшарттары	Тәуекел дәрежесі	Баға
ІАҚ ұйымдық және функционалдық тәуелсіздіктің болмауы Көрсеткіш бағалау сәтінде анықталады	Санамаланған көптеген кемшіліктердің болуы; ІАҚ дербес еместігі; Басқа да дербес емес функциялармен жасанды бірігіу; Бөлімшелер үшін тән емес функциялармен жүктелу; Бөлімшенің қызметіне үшінші тұлғалардың араласу фактілерінің болуы; Бағылаудағы субъектінің басшысына тікелей емес бағыну; Бөлімше басшысы бақылауға бағынысты субъектінің басшысына тікелей қолжетімділікке ие емес	жоғары	3
	Осындай осы тәуекелдердің жоғары өлшемшарттарында келтірілген бірлі-жарым фактілердің болуы, оның үстіне қызметтің ұйымдастырушылық және функционалдық тәуелсіздігіне ерекше қатер төндірмейді.	орташа	2
	Осы мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілердің талаптарға толық сәйкес келуі	төмен	1

7-тәуекел (R7)

Тәуекел	Тәуекелдер өлшемшарттары	Тәуекел дәрежесі	Баға
Қызметтің толысқан деңгейі (қашан құрылған), кадр саясатының тұрақтылығы, бөлімшелердің	Санамаланған көптеген аспектілердің болуы; Жақында құрылған ІАҚ; Бөлімше басшысының жиі өзгеруі; Персоналға қойылатын біліктілік талаптарын елемеу; Бөлімше және персонал басшысының мамандығы бойынша елеусіз жұмыс өтілі; Қызметтің елеулі жете жинақталмауы	жоғары	3

жинақталуы, персоналдың біліктілік талаптарына сәйкестігі Көрсеткіш бағалау сәтінде анықталады және соңғы 3 жылда ақпарат ескеріледі	Осы тәуекелдің "жоғары" өлшемшартында келтірілгендердің ішінен тек жекелеген аспектілердің, оның үстіне ІАҚ функциясының сапасына айтарлықтай ықпал етпейтіндердің болуы	орташа	2
	Мұндай аспектілердің болмауы	төмен	1

8-тәуекел (R8)

Тәуекел	Тәуекелдер өлшемшарттары	Тәуекел дәрежесі	Баға
Басшы бекітпеген қамтамасыз ету бағдарламасының және ішкі мемлекеттік аудит сапасын арттырудың болмауы; оның орындалмауы; сапаны мерзімді ішкі бағалаудың жүргізілмеуі Көрсеткіш бағалау сәтінде анықталады және соңғы 3 жылда ақпарат ескеріледі	Бағдарламаның болмауы және сапаға мерзімді ішкі бағалаудың жүргізілмеуі	жоғары	3
	Бағдарламада кемшіліктер бар немесе оны бақыланатын субъектінің басшысы бекіткен жоқ; ішкі сапаны бағалау сирек және/немесе ресми жүргізіледі	орташа	2
	Жұмыстың бұл учаскесі осы мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілердің талаптарына әбден сәйкес келеді	төмен	1

9-тәуекел (R9)

Тәуекел	Тәуекелдер өлшемшарттары	Тәуекел дәрежесі	Баға
Уәкілетті органмен, оның ішінде уәкілетті орган жүргізген бағалаулар нәтижелері бойынша уәкілетті орган ұсынған талаптар мен ұсынымдарды іске асыру бойынша жұмысты ұйымдастыру бөлігінде тиісінше өзара іс-қимыл жасамау Көрсеткішті анықтаған кезде соңғы 3-5 жыл үшін ақпарат ескеріледі	Уәкілетті органдардың өтініштерін/сұрау салуларын жүйелі түрде елемеу; сұрау салу бойынша, оның ішінде уәкілетті органның бағалау жүргізу нәтижелері бойынша уәкілетті орган ұсынған талаптар мен ұсынымдарды іске асыру бойынша жұмысқа қатысты ресми, сапасыз ақпаратты ұсыну	жоғары	3
	Мұндай фактілердің жекелеген жағдайлары	орташа	2

үшін ақпарат ескеріледі	Мұндай фактілердің болмауы	төмен	1
-------------------------	----------------------------	-------	---

III мәнділік деңгейі (1 балл) Функционалдық тәуекелдер 10-тәуекел (R10)

Тәуекел	Тәуекелдер өлшемшарттары	Тәуекел дәрежесі	Баға
Ішкі мемлекеттік аудит жүргізу және ішкі аудит қызметінің қаржылық бақылау қағидаларының, этикалық кодекстің, осы мәселелер бойынша басқа да нормативтік құқықтық құжаттар талаптарын ІАҚ қызметінің сәйкес келмеу фактілерінің болуы Көрсеткішті анықтау кезінде соңғы 3-5 жылдағы ақпарат ескеріледі	Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау стандарттарына сәйкес келмейді деп танылған аудит материалдарының айтарлықтай саны;	жоғары	3
	Бұзушылықтардың жеке жағдайлары	орташа	2
	Мұндай фактілердің болмауы	төмен	1

11-тәуекел (R11)

Тәуекел	Тәуекелдер өлшемшарттары	Тәуекел дәрежесі	Баға
Ішкі мемлекеттік аудиттерді сапасыз жоспарлау; жоспардың орындалмауы Индексі ақпарат соңғы 3-5 жылда енгізілген анықтау кезінде	Тиісті жылға мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру кезінде тәуекелдерді басқару жүйесін қолданбау Аудит объектілерінің тізбесіне жиі негізсіз өзгерістер енгізу және олардың орындалмауы	Жоғары	3
	Жоспарлауда бірыңғай кемшіліктердің болуы	орташа	2
	Мұндай фактілердің болмауы	төмен	1

12-тәуекел (R12)

Тәуекел	Тәуекелдер өлшемшарттары	Тәуекел дәрежесі	Баға
Жұмыстың нәтижелілігін төмендету серпіні; Ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша сапасы төмен ұсынымдар ;	Жұмыстың нәтижелілігінің нашарлауының тұрақты және мәнді серпіні	жоғары	3
	Көрсеткіштер ауытқуының елеусіз фактілері, жұмыстың төмен жалпы нәтижелілігі;		2

Оларды енгізу мониторингі рәсімдерінің болмауы	Ұсынылатын ұсынымдардың жекелеген кемшіліктері	орташа	
Көрсеткішті анықтау кезінде соңғы 3-5 жылдағы ақпарат ескеріледі	Жұмыс нәтижелілігінің тұрақты жоғары көрсеткіштері; ұсынымның жоғары сапасы	төмен	1

13-тәуекел (R13)

Тәуекел	Тәуекелдер өлшемшарттары	Тәуекел дәрежесі	Баға
Уәкілетті органға ұсынылатын ақпараттың дұрыс болмауы Көрсеткішті анықтау кезінде соңғы 3-5 жылдағы ақпарат ескеріледі	Есептіліктің уәкілетті органына берілетін көптеген фактілер санының дұрыс болмауы	жоғары	3
	Берілетін есептілік көрсеткіштерінің кейбір дұрыс емес фактілері	орташа	2
	Мұндай фактілердің болмауы	төмен	1

"Ішкі аудит қызметтері жұмысының тиімділігін бағалау" ішкі мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартына
10-қосымша
Нысан
Бекітемін:

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты болған кезде), қолы)
20__ жыл _____

Уәкілетті органның жоспарлы тәртіппен бағалау жүргізуі туралы бағдарлама

(ішкі аудит қызметі құрылған мемлекеттік органның атауы)

I. Уәкілетті органның бағалау жүргізу мақсаты:

Уәкілетті органның бағалау жүргізу мақсаты:

Бағалау объектісі: _____

Бағалау мәні: _____

II. Уәкілетті органның бағалауымен қамтылатын салалар: _____

III. Уәкілетті органның бағалау жүргізу әдістемесі: _____

IV. Уәкілетті органның бағалау ауқымы

1. Бағаланатын мерзім: _____

2. Уәкілетті органның бағалау мерзімі: _____

3. Уәкілетті органның бағалау көлемі: _____

(Уәкілетті органның бағалауымен қамтылған ішкі мемлекеттік аудит материалдар санын көрсетіңіз)

4. Аудиторлық топ құрамы:

№ р/с	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Лауазымы	Бағалау тобындағы рөлі

V. Уәкілетті органның бағалау жүргізу кестесі

№ р/б	Уәкілетті органның бағалау мерзімі	Қызмет түрі	Жауапты орындаушы
I. Бағдарламаны әзірлеу кезеңі			
II. Ақпаратты алдын ала талдау кезеңі			
III. Бағалауды жүргізу кезеңі			
IV. Есепті әзірлеу және келісу кезеңі			

VI. Күтілетін нәтижелер Уәкілетті органның бағалау нәтижесі: _____

Уәкілетті органның бағалау нәтижелері бойынша есеп дайындау Ішкі аудит қызметінің

басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

"Ішкі аудит қызметтері
жұмысының тиімділігін
бағалау" ішкі мемлекеттік
аудиттің және қаржылық
бақылаудың рәсімдік
стандартына
11-қосымша
Нысан

Ішкі мемлекеттік аудит сапасын бағалаудың өлшемшарттары

A. Ішкі аудит қызметінің (бұдан әрі - ІАҚ) жұмыс істеуінің ұйымдық-құқықтық негіздерін бағалау

A1. ІАҚ басшысының ІАҚ құрылған мемлекеттік органның басшысымен өзара іс-қимылы

Өлшемшарттары	Ия/жоқ (қажет болса қысқаша түсініктеме беріңіз)
ІАҚ тікелей мемлекеттік орган басшысына бағынады ма?	
ІАҚ басшысы мемлекеттік органның алқалы органының мүшесі болып табылады ма?	
ІАҚ басшысы мемлекеттік органдағы ұйымдастырушылық өзгерістер және басқа да негізгі мәселелерге қатысты ақпаратты уақтылы алады ма?	
ІАҚ туралы ережеде (өзге де ішкі құжаттарда) мемлекеттік органның басшысы мен ІАҚ басшысы арасындағы қарым-қатынастар, міндеттер, өкілеттері мен қызметі жауапкершілігінің салалары анықталған ба?	
Мемлекеттік орган басшысымен ІАҚ туралы ережеде бекітілген бе? Ол үнемі қайта қаралады ма және дәлденеді ме?	
Мемлекеттік органның басшысы аудит объектілерін және ішкі мемлекеттік аудит процестері тізбесін бекітеді ме?	
ІАҚ басшысы қызметі жұмысының қорытындысы туралы мемлекеттік органның басшысына тікелей есеп береді ме?	
Аудиторлық ұсыныстарды енгізу үшін мемлекеттік орган басшылығы қажетті шаралар қабылдайды ма?	
Жиыны:	
"Иә" -	
"Жоқ" -	
"Жауап жоқ" -	

A2. ІАҚ құрылымы мен саны, оның тәуелсіздігі

Өлшемшарттары	Ия/жоқ (қажет болса қысқаша түсініктеме беріңіз)	Ұсыныстар
ІАҚ құрылымы мен саны оның аудит объектілеріне қатынасын алғанда ішкі мемлекеттік аудит функцияларын іске асыру тиімділігін қамтамасыз ете алады ма?		
ІАҚ мемлекеттік органның тәуелсіз бөлімшесі болып табылады ма?		
ІАҚ туралы ережеде бөлімшеге бекітілген ішкі мемлекеттік аудит қызметімен үйлеспейтін және/немесе тән емес функциялар қамтылады ма?		
ІАҚ немесе оның жекелеген қызметкерлері бөлімшеге бекітілген ішкі мемлекеттік аудит		

қызметімен үйлеспейтін және/немесе тән емес функцияларды іс жүзінде жүргізеді ме?		
Ережеде немесе ішкі мемлекеттік аудит мәселелері бойынша басқа құжаттарда мемлекеттік аудитордың қызметіне үшінші тұлғалардың араласпауына ден қою (қорғау) шаралары көзделген бе?		
ІАҚ қызметіне үшінші тұлғалардың араласуы туралы дәлелдер бар ма?		
Жекелеген аудиторлардың берген тапсырмаларды орындауы кезінде мүдделер қақтығысының алдын алу шаралары ішкі құжаттармен көзделген бе?		
Практикада мүдделер қақтығыстарының фактілері бар ма және ІАҚ басшысы осындай фактілерді болдырмау мақсатында шаралар қолданады ма?		
Жиыны:		
"Иә" -		
"Жоқ" -		
"Жауап жоқ" -		

Бағалау деңгейін анықтау (A1+A2)

төмен – 0% - 19% қоса алғанда;

орташадан төмен – 20% - 39% қоса алғанда;

орташа – 40% - 59% қоса алғанда;

орташадан жоғары – 60% - 79% қоса алғанда;

жоғары – 80% - 100% қоса алғанда.

Ескертпе:

Бағалау деңгейін есептеу ұсынылған сұрақтар тізбесінен шартты оң жауаптардың пайыздық үлесін анықтау жолымен жүргізіледі. "Жауап жоқ" нұсқасы болған кезде осы сұрақ бағалау сұрақтарының жиынтығына енгізілмейді.

ІАҚ жұмыс істеуінің ұйымдастырулық-құқықтық негіздерін бағалау қорытындылары (A1+A2)

Тиімділік деңгейі				
төмен (1 балл)	ортадан төмен (2 балл)	орташа (3 балл)	ортадан жоғары (4 балл)	жоғары (5 балл)
Мемлекеттік орган басшылығы сеніп тапсырылған салада ішкі бақылауды	Мемлекеттік орган басшылығы ІАҚ	Мемлекеттік орган басшылығы ІАҚ	Мемлекеттік орган басшылығы ІАҚ рөлін жақсы түсінеді және ішкі	І Мемлекеттік орган басшылығымен ішкі мемлекеттік аудит

және ішкі мемлекеттік аудиті қамтамасыз етуде өзінің рөлі туралы түсінігін қалыптастырады. ІАҚ бар құрылымы мен саны салада жүйелі ішкі мемлекеттік аудитті қамтамасыз ете алмайды және ондағы қаржы-бюджеттік тәртіпке әсер етпейді.	функцияларын тиімді іске асыру үшін жекелеген қадамдар жасайды және жоспарлар енгізеді. Алайда, қолданыстағы ІАҚ құрылымы мен саны жекелеген еңсіз міндеттерді шешуге мүмкіндік береді және жалпы жүйеге әсер етпейді.	функциясын іске асыруға мүмкіндік беретін жағдайларды жасады. Сонымен қатар, оны жүзеге асыру және дамыту толықтығын шектейтін ұйымдастырушылық-функционалдық бірқатар кемшіліктер бар.	мемлекеттік аудиттен мемлекеттік органның қызметі мақсаттарына қол жеткізуден, тәуекелдерді басқарудан, барлық деңгейдегі бақылаудан табыс алуға мүдделі. Сонымен қатар, ұйымдастыру жүйесінде ІАҚ функциясын дамыту үшін резервтер бар.	саладағы қаржылық бақылау және басқару негізгі құралы ретінде қабылдайды. ІАҚ мемлекеттік орган жүйесінде сапалы, жүйелі ішкі мемлекеттік аудитті қамтамасыз етеді, танылған және стратегиялық деңгейде тиімді тартылған.
Дәлелділік базасы:				

В. ІАҚ кадр саясатын бағалау

В1. Кәсіби әдеп қағидалары талаптарының сақталуы тұрғысынан ІАҚ-ның ішкі ортасын бағалау

Өлшемшарттары	Ия/жоқ (қажет болса қысқаша түсініктеме беріңіз)	Ұсыныстар
Мемлекеттік аудиторлардың кәсіби әдеп қағидаларын сақтау бойынша талаптар ішкі құжаттарда көзделген бе?		
ІАҚ-ың барлық қызметкерлері Мемлекеттік аудиторлардың кәсіби әдеп қағидаларымен танысыстырылған ба?		
Мемлекеттік аудиторлар өз міндеттерін жүзеге асырған кезде Мемлекеттік аудиторлардың кәсіби әдеп қағидаларын сақтайды ма?		
Мемлекеттік аудиторлардың кәсіби әдеп қағидаларының талаптарын қызметкерлер сақтамаған жағдайларды қарау және шағымдарға ден қою тәртібі ішкі құжаттарда көзделген бе?		
ІАҚ қызметкерлері міндеттерін жүзеге асырған кезде Мемлекеттік аудиторлардың кәсіби әдеп қағидаларының талаптарын бұзуға қатысты олардың іс-әрекеттеріне шағымдар болды ма, жоқ па?		
Мемлекеттік аудиторлардың кәсіби әдеп қағидаларын бұзу фактілеріне мониторинг (құжаттама түрінде тіркеледі ме)		

жүргізіледі ме және осындай бұзушылықтар орын алған жағдайда шешімдер қабылданады ма?		
Жиыны:		
"Иә" -		
"Жоқ" -		
"Жауап жоқ" -		

B2. ІАҚ жетілу деңгейі, кадрлық саясаттың тұрақтылығы, толықтығы

Өлшемшарттары	Ия/жоқ (қажет болса қысқаша түсініктеме беріңіз)	Ұсыныстар
Ішкі құжаттармен ынталандыру шаралары көзделген бе?		
ІАҚ қызметкерлерінің жұмыс тәжірибесі, білімі біліктілік талаптарына сәйкес пе?		
Бөлімше жеткілікті жасақталған ба; егер жоқ болса, бөлімшені жасақтау бойынша іс-шаралар жоспары бар ма?		
Кадр ресурстары аудиторлық тапсырмаларды орындауға тиімді және пропорционалды тартылады ма?		
Кәсіби және басқару тәжірибесін неғұрлым тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында бөлімшенің басшылық құрамы жылына кемінде бір реттен жиі ауысады ма?		
Жиыны:		
"Иә" -		
"Жоқ" -		
"Жауап жоқ" -		

Бағалау деңгейін анықтау (B1+B2)

төмен – 0% - 19% қоса алғанда;

орташадан төмен – 20% - 39% қоса алғанда;

орташа – 40% - 59% қоса алғанда;

орташадан жоғары – 60% - 79% қоса алғанда;

жоғары – 80% - 100% қоса алғанда.

Ескертпе:

Бағалау деңгейін есептеу ұсынылған сұрақтар тізбесінен шартты оң жауаптардыңпайыздық үлесін анықтау жолымен жүргізіледі.

"Жауап жоқ" нұсқасы болған кезде осы сұрақ бағалау сұрақтарының жиынтығынаенгізілмейді.

ІАҚ кадрлық саясатын бағалау нәтижелері (B1+B2)

Тиімділік деңгейі				
төмен (1 балл)	ортадан төмен (2 балл)	орташа (3 балл)	ортадан жоғары (4 балл)	жоғары (5 балл)
ІАҚ басшылық құрамының жиі ауысуы және кадрлық құрамның жасақталмауы, білікті мамандарды тарту және ұстап қалуға қатысты ойластырылмаған кадр саясаты, ІАҚ кадр құрамын тұрақты негізде біліктілігін арттыруының болмауы мемлекеттік орган жүйесінде ішкі мемлекеттік аудит функциясының дамуына және тиімді іске асыруына кедергі жасайды.	СВА функциясы оған жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін жеткілікті адам ресурстармен қамтамсыз етілмеген. Ағымдағы кадр саясаты ІАҚ функциясын дамытуға келешекті көздемейді.	ІАҚ ағымдағы кадрлық құрамы ІАҚ функциясын ұстап тұруға, мемлекеттік органның басшылығының тапсырмаларын орындауға қабілетті. Сонымен қатар ІАҚ функциясының тиімділігін арттыру үшін кадр саясатын жетілдіруге бағытталған бірқатар шараларды іске асыру қажет.	ІАҚ функциясын жүзеге асыру үшін ІАҚ білікті мамандармен толығымен жасақталған. Мемлекеттік аудиторлар өз міндеттерін сапалы жүзеге асырады, үнемі білімі мен кәсіби дағдыларын арттырады. Бұл ретте, ІАҚ кадрлық құрамының дамуына резервтер бар.	Мемлекеттік орган жүйесінде іріктеу, ынталандыру, қолдау және ІАҚ кадрлық құрамын тиімді пайдалануға қатысты тұрақты және дәйекті кадр саясаты енгізілген. Нәтижесінде, кадрлық құрам тиімді және нәтижелі ІАҚ функциясын жүзеге асырады.
Дәлелділік базасы:				

С. ІАҚ құқықтық базасын бағалау

С1. ІАҚ даму стратегиясын анықтау әдіснамасын бағалау (Кепілдік және ішкі мемлекеттік аудит сапасын арттыру бағдарламасын жасау)

Өлшемшарттары	Ия/жоқ (қажет болса қысқаша түсініктеме беріңіз)	Ұсыныстар
Кепілдік және ішкі мемлекеттік аудит сапасын арттыру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) мемлекеттік органының басшысымен бекітіледі ме?		
Бағдарламаны әзірлеу, көрсеткіштердің құрылымы мен мазмұнына, толтыру және жинақтау рәсімдері және сол сияқты тәртібін белгілейтін ішкі құжаттар бар ма?		
Бағдарламамен қойылған мақсаттарды жету деңгейін өлшеу көрсеткіштері белгіленген бе? Бағдарлама өзектілігін және орындығын қамтамасыз ету үшін		

жүйелі қайта қарауға (жылына кем дегенде 1 рет) жатады ма?		
Қойылған мақсаттарды жету үшін қажетті білікті кадрлардың қажеттілігін бағалау және кадрлық потенциалына талдау Бағдарламада бар ма?		
Сапасын ішкі бағалау іс-шараларды енгізу жағдайы қадағаланады ма, егер солай болса, олар қаншалықты толық енгізіледі, олардың жүзеге асырылуына қандай кедергі бар?		
Персоналды оқыту жоспары бар ма, егер солай болса, онда персоналдың нақтылы қажеттіліктері қаншалықты ескерілген?		
ІАҚ-та экономикалық сабақтар нақты жүргізіледі ме? Осындай сабақтардың жүргізілуі туралы құжатта түрінде дәлел бар ма? Сабақтар оқыту жоспарына (егер бар болса) қаншалықты толық сәйкес келеді?		
Барлық мемлекеттік аудиторлар мерзімді кәсіби біліктілігін арттыруды өтеді ме? ІАҚ осындай барлық жоспарланған және өткізілген курстардың тізімін жүргізеді ма?		
Мемлекеттік орган деңгейінде мемлекеттік аудиторының барлық оқыту және жетістіктерін жалпы тізілімі назарға алынады ма?		
ІАҚ жұмысын жоспарлау кезінде персоналды оқытуға жеткілікті уақыт бөлінуі назарға алынады ма?		
Ішкі мемлекеттік аудиттің сапасын мерзімді бағалау жүргізіледі ме және қаншалықты жиі?		
Жүргізілген сапаны ішкі бағалау қорытындылары бойынша ішкі аудит сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар әзірленеді ме және олар келесі мерзімгі Бағдарламада көрсетіледі ме?		
ІАҚ басшысы Бағдарламаны іске асыру, онда қойылған мақсаттар		

нәтижелері, сондай-ақ ішкі мемлекеттік аудит сапасын ішкі бағалау қорытындылары бойынша мемлекеттік орган басшысы алдында есеп береді ме?		
Жиыны:		
"Иә" -		
"Жоқ" -		
"Жауап жоқ" -		

C2. ІАҚ қызметін реттейтін құқықтық базаны бағалау

Өлшемшарттары	Ия/жоқ (қажет болса қысқаша түсініктеме беріңіз)	Ұсыныстар
ІАҚ туралы ереже, оның қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары бекітілген бе?		
